

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі мен оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі ақпараттарды тасқындап өсіп отырған жағдайда жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілетті жаратылыстану мамандықтары студенттерін кәсіби даярлау мен оқытудың мақсаттары елеулі өзгеріске ұшырауда. Өмірдің барлық саласында белсенді коммуникативтік іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу - қазіргі қоғам алдындағы мақсат. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында және Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76-қадамында «Адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту», 79-қадамында «Даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру» – деп, нақты тапсырмалар міндеттелген болатын.

Сонымен қатар, егеменді еліміздің Білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы міндеттерінің бірі ретінде - еліміздің әлеуметтік-экономикалық қоғам талаптарына лайықты сапалы мамандарды даярлау көзделген.

Демек, жоғары білім беру жүйесінде жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың ғылыми тұрғыдан зерттелуі қоғамдық қажеттілік болып табылады. Осы орайда, Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының қорғауға ұсынып отырған диссертациялық еңбегінің «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» тақырыбында жазылуы және зерттеу нәтижесі бойынша жоғары оқу орындарында жаратылыстану мамандықтары студенттерін кәсіби даярлауға ендіруге арналған негізделген ғылыми-әдістемелік ұсыныстары зерттелуші мәселенің өзектілігіне дәлел бола алады.

2. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертант зерттеу проблемасын шешу мақсатында алдына қойған зерттеу міндеттерінің шешімін толық тапқан:

1. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың ғылыми-практикалық және әдіснамалық алғышарттарын айқындаған;

2. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтаған;

3. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін даярлаған;

4. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерген.

Ізденушінің зерттеу мақсатына байланысты қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізділігі мен шынайылығын ғылыми аппаратты құрудағы логикалық бірізділігінен көрінеді. Зерттеудің міндеттерінің нақтылығы мен зерттеу әдістерін тиімді пайдалануы, әрбір нәтиженің жеткілікті деңгейде дәлелденуі, зерттеу мәліметтерінің жеткілікті сандық және сапалық талдануы зерттеу жұмысының шынайылығық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдар мен шетелдік импакт-факторлы журналдарда жариялануы ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен шынайылығына дәлел бола алады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

Бірінші нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың ғылыми-практикалық алғышарттарын оның психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі зерттелуіне байланысты ғылыми зерттеу бағыттары жүйелік, іс-әрекеттік, аксиологиялық, тұлғалық-бағдарланған, тарихи, кешенді тұғырлар арқылы іске асырылған. Бірінші нәтиже ішінара жаңа себебі ол ғылыми әдебиеттерде қарастырылған пайымдауларға байланысты.

Екінші нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартын, білім беру бағдарламаларын толықтыратын білім ретінде қарастырылған және коммуникативтік білімнің, дағдылардың, жеке тұлғалық коммуникативтік сапалардың үйлесімді бірлігі негізінде нақтыланған. Екінші нәтиже де ішінара жаңа, себебі жоғары білім берудің педагогикасындағы қалыптасқан теорияларға негізделген.

Үшінші нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі нормативтік-мақсаттық, теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-үдерістік, бағалау-нәтижелік блоктардан, мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік құраушылардан тұрады. Коммуникативтік лидерлікке мотивацияның болуымен, коммуникативтік лидерлік бойынша жүйелі білімдер мен түсініктерінің кеңеюімен, оны кәсіби іс-әрекетте тиімді іске асыра алуымен өлшенеді. Осы өлшемдерге сәйкес көрсеткіштер жоғары, орта, төмен деңгейлерді белгілейді. Үшінші нәтиже жаңа, себебі зерттеу пәні толыққанды қарастырылған.

Төртінші нәтиже де жаңа себебі, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру: мазмұндық –арнайы жасалған пән бағдарламалары, оқулықтар мен құралдар жасаумен; ұйымдастырушылық – оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерді пайдаланумен айқындалған; әдістемелік - тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда негізделген жұмыстармен анықталған.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Ізденушінің зерттеу барысында алған нәтижелері мен жасаған қорытындылары ішкі біртұтас жүйелілігімен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының құндылығы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының реттілігімен, мазмұндалған 3 бөлім, 9 тармақшадан тұратын әрбір бөлімдердің өзара логикалық, идеялық тығыз байланысымен, автордың отандық педагогиканың теориясы мен практикасына ендірген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады. Ұсынылған диссертацияда жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін жоғары білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісінің практикасында пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 11 еңбегінде көрініс тапқан. Соның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 - Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 4 - халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 - шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған және 1 оқу құралы жасалған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер. Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кейбір техникалық кемшіліктер де кездеседі:

1. Докторант диссертацияда жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігіне зерттеу жасаған, әйтсе де осы зерттеуде техникалық мамандықтар студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыруды қоса тереңірек зерттеу жасағанда артық болмас еді, одан диссертацияның құндылығы артпаса кемімейді.

2. Диссертацияда жоғары оқу орындарында жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру зерттелген. Білім алушылардың коммуникативтік лидерлігін қалыптастыруды үздіксіз білім беру жүйесінде қарастырғанда зерттеудің ауқымы кеңейе түсер еді.

Бірақ, бұл айтылған кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан талапқа сай жазылған диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының диссертациялық жұмысының өзектілігі мен алынған нәтижелерінің ғылыми құндылығына күмән жоқ. Себебі, зерттеу жұмысында ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда өзекті мәселе жан-жақты шешімін тапқан.

Ізденушінің 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын және 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



Н.А.Абишев

